



Cambridge International Examinations
Cambridge International General Certificate of Secondary Education

CANDIDATE NAME

CENTRE NUMBER

--	--	--	--	--

CANDIDATE NUMBER

--	--	--	--



KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE

0532/01

Paper 1 Reading and Writing

May/June 2016

2 hours

Candidates answer on the Question Paper.

No Additional Materials are required.

READ THESE INSTRUCTIONS FIRST

Write your Centre number, candidate number and name on all the work you hand in.

Write in dark blue or black pen.

Do not use staples, paper clips, glue or correction fluid.

DO NOT WRITE IN ANY BARCODES.

Answer **all** questions.

The number of marks is given in brackets [] at the end of each question or part question.

This document consists of **13** printed pages and **3** blank pages.

1-бөлім**1-тапсырма, 1–6 сұрақтар**

Төмендегі мақаланы оқып, келесі бетте берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Құрылысы 1901 жылы Сұлтан II Абдулхамид хан тарапынан басталған Хиджаз Темір жолында алғашқы пойыз сапары 1908 жылы 27 тамызда Стамбулдан келген жолаушылармен бірге Шам қаласынан қасиетті Мәдина мүнәууәра бағытына жасалған. Бұл пойызда өкімет адамдарынан құралған комитеттен басқа, жергілікті және шетелдік көптеген журналисттер бар болатын. Бұл ерекше пойыздың қонақ күтетін үлкен бір зал ретіндегі вагоны, бір мейрамханасы, бір мешіт вагоны және үш жолаушылар вагоны бар еді. Пойыздың жылдамдығы сағатына 40-60 км шамасында еді. Пойыз тек қана екі нәрсе үшін тоқтайтын – кем-кетігін толықтыру үшін және намаз үшін... Пойыз 30-шы тамыз жексенбі күні түстен кейін сағат 2 шамасында Мәдина мүнәууәраға жетті.

Мәдина станциясы жасалып жатқанда, хазреті пайғамбардың рухы мазаланбасы үшін, пойыздардың Мәдина станциясына жақындаған кезде гүріл шықпасын деп пойыздың дөңгелектеріне киіз тағылатын еді. Мәдинаға кіріп барған рельстердің астына да қазылып, киіз төселген еді.

Хиджаз темір жолының бағыты 1908 жылы ашылғаннан кейін, Хайфа мен Шам қалалары арасында күнде, Шам мен Мәдина арасында аптасына үш күн қарама-қарсы бағытта жолаушылық және сауда эшелондары жұмыс істей бастады. Осылайша, түйемен 40 күндік уақыт алатын Шам-Мәдина арасы, 72 сағатқа дейін қысқарды. Қозғалыс уақыттары намаз уақыттары бойынша қойылатын еді. Осман Империясы мен халифа үлкен абыройға бөленді. Тауар артылған пойыз жүріп өтетін жерлер, экономикалық тұрғыдан жандана бастады. Бұл арада екінші қатарлы жолдар жасалып, бағыт ұзақтығы 1900 км-ге дейін созылды. Бірінші Дүниежүзілік Соғыста Хиджаз темір жолы әскер эшелоны ретінде қолданылды. Сирия майданының ыдырауымен бұл темір жолдарды бомбалап, саботаж жасады, жолдың Маан мен Мәдина арасындағы бөлігін қолданылмайтын жағдайға жеткізді. Бұл темір жолдың Сирия мен Иордания арасындағы бөлігі әлі күнге дейін қолданылуда.

- 1 Хиджаз Темір жолында алғашқы пойыз қай қалаға барды?
.....[1]
- 2 Бұл пойызда өкімет адамдарынан басқа кімдер болды?
.....[1]
- 3 Пойыздың жолда тоқтауының екі себебін атаңыз?
.....[1]
- 4 Пойызд дөңгелектеріне киіз тағылуының себебін атаңыз?
.....[1]
- 5 Хиджаз темір жолы тағы қандай екі мақсатпен қолданылды?
.....[1]
- 6 Екінші қатарлы жолдар жасалғанда, бағыт ұзақтығы қаншаға созылды?
.....[1]

[Барлығы: 6]

2-тапсырма, 7-сұрақ

Өзіңді Әселдің орнына қойып берілген анықтама қағазын толтырыңыз.

Әсел Қасымова Алматыдағы медицина колледжінің студенті. Ол алғашқы емтихандарын тапсырып қойды. Ол басқа пәндерге қарағанда шет тілдерін оқығанды ұнатады және болашақта осы салада жұмыс істегісі келеді.

Әсел Германияда жұмыс істеу мүмкіндігі туралы естіді. Өзінің ана тілі болып келетін қазақ тілінде, орыс және ағылшын тілінде еркін сөйлейді. Дегенмен де Германияда жұмыс істеу мүмкіндігін көбейту үшін ол неміс тілін үйренуге бел байлайды. Оған қоса Әселдің сыныбында Германиядан көшіп келген неміс баласы оқиды.

Әселдің ұстазы оған көмектесу мақсатында Алматыда неміс тілін үйрететін курстар туралы мағлұмат бар брошюраны берді. Әсел өзіне онымен танысып баруға ыңғайлы кешкі сегізде басталатын уақытты таңдап алды. Өйткені, түске дейін мектепте, түстен кейін үйіне келіп дем алып, үй тапсырмасын орындап асықпай кешкі неміс курсына бара алады.

Әсел Алматы қаласындағы Абай көшесінің бойындағы 35 үйдің 14 пәтерінде тұрады, үйінің жанындағы аялдамадан автобусқа отырып 5 минутта оқуына жетеді. Әселдің неміс тілі курсы 30-шы қаңтарда басталады, өйткені ол 2 айдан кейін наурыз айында 18-ге толады. Бұл оның 30 пайыз жеңілдік ала алатынын білдіреді. Әселдің ата-анасы оның бір жылдық оқуын төлеуге келісімдерін берді.

Әселмен мына телефон +7272490619 арқылы хабарласуға болады.

Өзіңді Әселдің орнына қойып берілген анықтама қағазын толтырыңыз.

Анықтама

А. бөлімі. Жеке мағлұматтар

Аты жөні: Әсел Қасымова

Жынысы: әйел/еркек

Жасы (оқу бастау кезінде):

Мекен жайы:

Қазіргі жағдайы: колледж студенті

Байланыс мағлұматтар: 7272490619

Ә бөлімі. Курс мағлұматтары

Қай тілді үйренгісі келеді? Неміс

Курс бастау күні:

Курс бастау уақыты:

Сіз біз туралы мағлұматты қайдан таптыңыз?

Б бөлімі.

Таңдаған тілді үйрену себебі

Тілді білу тәжірибе мүмкіншілігі

.....

[Барлығы: 7]

3-тапсырма, 8–10 сұрақтар

Төменде берілген Қазақи өлшемдер туралы мақаланы оқып, келесе беттегі тапсырманы орындаңыз.


Қазақи өлшемдер

Әлем халықтарының тұрмыс ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан байырғы өлшемдері болған. Еңбек құралдарын жасау, баспана салу, түрлі қару-жарақтар мен тұрмыс бұйымдарын жасау арқылы алғашқы қауым адамдары ұзындық, салмақ тәрізді шамаларды өлшеуді үйрене бастады. Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтар ұзындықты шынтақпен (қолдың ортаңғы саусағының ұшынан бастап, шынтақ сүйегінің бүгілген жеріне дейінгі аралық), табан тұрқымен, адыммен, арқанмен, құлаштап лақтырылған тастың жеткен қашықтығымен немесе күннің шығуы мен батуы арасындағы жаяу адамның жүріп өтетін жолымен өлшеген. Шығыс халықтарының басым көпшілігінде ең кіші салмақ өлшемі ретінде арпаның дәні алынған. Кейбір жазба деректердегі мәліметтерге сүйенсек, арпа дәнін алтын, күміс және басқа да бағалы тастардың салмағын өлшеуге қолданған. Әр арпа дәні шамамен 45 мг құрайды. Ал кейбір жерлерде бұл дәнді ұзындықтың өлшемі ретінде де қолданған. Дәннің ені үшін қатар қойылған аттың алты тал жалы алынған. Ал алты дәннің еніне тең өлшем бармақ деп аталған.

Қазақ әдебиетінде «көш жер», «қырық күндік жол», «бие сауым уақыт», «есік пен төрдей» тәрізді өлшеулік мәні бар сөздер жиі кездеседі. М.Әуезовтың «Абай жолы» романында «Қозы көш жерге кетті. Әлі естіліп тұр, неткен үн!» деген өлшемді білдіретін сөздер қолданылған. Қазірдің өзінде де ата-аналарымыз бен ата-әжелеріміз «ат шаптырым жер», «бармақ елі қазы», «сүт пісірім уақыт» тәрізді қашықтықты, уақытты, қалыңдықты білдіретін ұғымдарды әлі де қолданады.

Кейбір өлшемдерде мәселен, «табан» өлшеміне біздің халқымыз табанның енін алса, ағылшындарда фут – табан тұрқына тең. Сол сияқты ағылшын дюймі қазақтар қолданатын бармақтың ені емес, бас бармақтың ұшынан үлкен буынына дейінгі аралық. Дюйм 2,54 см, ал кейбір мәліметтер бойынша, бармақ үшін 2,18-2,54 см алынған.

Қазақтың шақырымы, қадағы орыстың «верстасымен», мысқалымыз «долясымен» немесе ағылшынның «футымен» шығу төркіні жағынан да, атқаратын қызметі жөнінен де ағайындас, тектес десек өтірік айтпаймыз.



8 Арпа дәнiн қолданудың екi тәсiлiн атаңыз:

-
-

9 Қазақ әдебиетiнде уақытты бiлдiретiн үш ұғымды атаңыз:

-
-
-

10 Қазақ өлшемдердiң басқа халықтардыñ өлшемдерiмен теңдiгiн/
ұқсастығын атаңыз:

-
-

[1]

[1]

[1]

[1]

[1]

[1]

[1]

[Барлығы: 7]

4-тапсырма, 11-сұрақ

Берілген мәтін – халықаралық туризм туралы жеке пікір. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді келесі бетте берілген бос орынға өз сөзіңізбен шығарма жазыңыз. Шығармаңызда мәтіндегі пікірді қолданып өз мемлекетіңіздің туризмнің дамуы туралы жеке пікіріңізді жазыңыз. Шығарма шамамен 100–150 сөзден тұруы керек. Шығарманың мазмұны үшін 6, стиль мен тіл орамы үшін 4 балға дейін беріледі.

Халықаралық туризм – халықаралық экономикалық байланыстардың айрықша түрі болып табылады және қазіргі кезде тез дамып келеді. Халықаралық туризм үлесіне шамамен дүниежүзілік жиынтық ішкі өнімнің және жалпы жұмыс істейтін халықтың 10%-ы тиесілі; туризм жақсы дамыған кейбір елдерде бұл көрсеткіш одан да жоғары. Мальдив Республикасында туризм мен оған байланысты салалар жиынтығы ішкі өнімнің 25%-ын береді; Кубада мемлекет қазынасына түсіретін пайдасы жағынан халықаралық туризм 1-ші орында тұр. Жалпы шетел туристтерін қабылдау жөнінен Еуропа жетекші орын алады, оның үлесіне барлық туристердің 60%-дан астамы тиесілі. Америкаға шетел туристерінің 20%-ы, Азияға 10%-ы келеді.

XX ғасырдың 80-ші жылдары батыс Еуропа мемлекеттерінің туристік сұранысында жаңа тенденциялар пайда болды. Олар экономикалық және әлеуметтік факторлар тұрғысынан туындады, сондай-ақ қазіргі адамдардың психологиясының өзгеруімен де байланысты болды. Индустриясы және технологиясы дамыған елдерде адамның бос уақыты көбейді. Зейнеткерлікке шығу жасы төмендетілді, демалыс уақыты ұзартылды, апталық жұмыс мерзімі азайды. Бұның барлығы халықтың бос уақытын ұзартты және туристік қызметті пайдаланушылардың санын көбейтті.

Адамдардың денсаулығы мықты бола бастады, қозғалыс өмірді таңдаған адамдар бос уақыттарын сапар шегуге бөлді. Бұл да ішкі және халықаралық туризмнің дамуына өз үлесін қосты. Бүгінгі күнде туристтер – тәжірибесі мол саясаттанушылар. Өмірге қызығушылығы басылмаған, тынымсыз адамдар кейде қызық оқиға мен қауіпке толы сапарларға да шығады: шаңғымен таудан сырғанау, бұрқыраған өзендермен қайық есу, шөл даламен саяхат жасау және т.б.

Қазіргі кезде адамдардың туристік сұранысы өздерінің 10 және 20 жыл бұрынғы қатарластарының сұранысынан ерекше болып келеді. Бұрынғы аталарына қарағанда олар батыл да, қайратты да.

Күнделікті ақиқат пен шындықтан қалмау үшін турист жергілікті колоритке ынталанады, басқа халықтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, мәдениетіндегі ерекшеліктерді білуге тырысады. Сонымен қатар, белсенді демалып, күш-қуатын қалпына келтіруге ұмтылады.

A series of horizontal dotted lines for writing.

[Барлығы: 10]

[Turn over

2-бөлім

5-тапсырма, 12–21 сұрақтар

Құрт туралы мақаланы оқып, келесі бетте берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел - жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Бабаларымыз ас, тамақ дайындауды қазақ әйелдеріне жүктеген. Көшпенділік өмірге орай, қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындауымен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс - тәсілдері мен жолдарын таба білген. Әсіресе, қымыз бен шұбатты баптаудың, құрт, ірімшік, ежігей, сары май сияқты жеңсік тағамдарды дайындауда қазақ әйелдерінің шеберлігі мен өнері үлгі етіп, қалай мадақтауға тұрарлық.

Сондай тағамдардың бірі құрт. Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Бұл тағам ақуыздарға өте бай, адам денсаулығына өте пайдалы. Ол жаугершілік заманда өмір сүрген, төрт түлік мал баққан, әр мезгіл сайын жайлауға, күзеуге, қыстауға, көктеуге көшіп отырған көшпенділерге тиесілі. Бұл тағамды Жібек Жолы бойымен сауда-саттық жасау кезінде алып жүретін болған. Алуан түрлі дәмі бар құрттың ең басты қасиеті – жоғары температурада ашымауы. Жасалу тәсіліне орай бірнеше айға дейін сақталады.

Қиын заманда адамдарды аман алып қалған кездерде болған.

Бораны ұлыған қыстың бір күнінде халық жауы отан сатқындары деп танылғандардың тұтқындағы әйелдері барақ салу үшін күзеттің бақылауымен Жалаңаш өзенінің бойына қамыс жинауға айдалады. Бір мезгілде қалың қамыстың арасынан бір топ шал-кемпірі мен балалары атып шығады. Сөйтеді де балалары үлкен кісілердің бұйрығы бойынша қалжырап, әлсіреген әйелдерге тас лақтыра бастайды. Бұны көрген жендеттер мазақ етіп күле бастайды: «Көрдiңдер ме, сендердi Мәскеу ғана емес, осы жақтағы ауылдың балалары да жек көредi».

Бұл әйелдерге моральдық тұрғыдан өте қиын тиді. Оқиға бірнеше рет қайталаанады. Мазаққа ұшыраған әйелдер үшін тағдырға мойынсұнудан басқа, қатыгездікке бой алдырған қазақтардың әділетсіздігіне ренжуден өзге ештеңе қалмағандай еді. Тек бір күні әбден қалжырап, әлі кеткен бір әйел өзіне қарай лақтырылған тастан бұғып қалмақшы болғанда аяғы тайып кетеді де, бұрынырақ лақтырылған тастарға етбетімен құлайды. Беті жерге тие құлаған әйелдің мұрнына ірімшіктің иісі келгендей болады.

Сол мезет ол балалар лақтырып жүрген тастардан ірімшік пен сүттің иісі шығатынын байқайды! Біреуін алады да, аузына салып жібереді – өте дәмді секілді. Жерде жатқан сондай тастардың біразын жинап алады да, бараққа алып келеді. Сотталғандардың ішінде қазақ әйелдері де бар еді. Олар бұл тастың құрт екенін – тұздалып, күннің көзіне кептірілген екенін бірден айтады.

Сөйтсе, басқа көмектесер амал таба алмаған қазақтар балаларының өмірін тәуекелге тіге отырып, жендеттерге ештеңе байқатпастан қолдарында барын, ең соңғы талғашау етер тамақтарын – құртты тұтқын әйелдерге беріп, аштықтан азап шегіп жүрген әйелдерге қол ұшын бермек болған екен.

- 12 Қазақ халқы «ас – адамның арқауы» деп неге айтқан?
.....[1]
- 13 Қазақ әйелдері тағам дайындауда неге көңіл бөлген?
.....[1]
- 14 Құрт неден жасалады?
.....[1]
- 15 Құрт неге көшпенділерге тиесілі болды?
.....[1]
- 16 Неліктен құрт адам денсаулығына пайдалы?
.....[1]
- 17 Жалаңаш өзенінің бойында қамыс жинағандар кімдер?
.....[1]
- 18 Жеңдеттер неге күлді?
.....[1]
- 19 Әйел тастың тамақ екенін қалай байқады?
.....[1]
- 20 Тастардың құрт екенін және қалай дайындайтынын кімдер айтты?
.....[1]
- 21 Қазақтар тұтқындағы әйелдерге қалай қол ұшын созды?
.....[1]

[Барлығы: 10]

6-тапсырма, 22-сұрақ

Мектептен басылып шығатын журналға «Ғаламдық жылыну» туралы 150–200 сөзден тұратын мақала жазыңыз.

Төмендегі түсіндірмелер сізге ой-пікір берер, бірақ өз пікіріңізді де жазуға болады.

«Ғаламдық жылыну» –
адамның жасаған ісі.

«Ғаламдық жылыну» –
қиял ма, шындық па?

«Ғаламдық жылыну» –
табиғат пен жануарларға
әсері.

BLANK PAGE

Permission to reproduce items where third-party owned material protected by copyright is included has been sought and cleared where possible. Every reasonable effort has been made by the publisher (UCLES) to trace copyright holders, but if any items requiring clearance have unwittingly been included, the publisher will be pleased to make amends at the earliest possible opportunity.

To avoid the issue of disclosure of answer-related information to candidates, all copyright acknowledgements are reproduced online in the Cambridge International Examinations Copyright Acknowledgements Booklet. This is produced for each series of examinations and is freely available to download at www.cie.org.uk after the live examination series.

Cambridge International Examinations is part of the Cambridge Assessment Group. Cambridge Assessment is the brand name of University of Cambridge Local Examinations Syndicate (UCLES), which is itself a department of the University of Cambridge.